

Мақсаты:

1. “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.
2. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту
3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптасады

Көрнекілігі: слайдтар, плакат, кітаптар, видео

Өткізудің формасы: Тәрбие сағаты

Өткізудің технологиясы мен әдістер: Пікірталас, сұрақ-жауап, видеоролик

Барысы:

1. Ұйымдастыру

Көрме ұйымдастыру:



- «Жемқорлық – ғасыр дерті» атты иллюстрациялық кітап
- Оқушылардың салған газеттері

2. Кіріспе сөз

- Сыбайлас жемқорлық туралы түсінік беру.

3. Тәрбие сағаты:

- Видео
- Викторина
- Слайдпен жемқорлыққа байланысты мысалдар келтіру:
- Студенттерге тапсырма

1-жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті ұстаздар мен студенттер. Бүгінгі біздің «Жемқорлыққа жол жоқ» атты ашық тәрбие сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер!!!

2-жүргізуші: Бүгінгі біздің ашық тәрбие сағатымыздың мақсаты студенттерді адал жолмен жүруге, адалдыққа үйрету. Сыбайлас жемқорлық туралы қысқаша мағлұматтар беру. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.